

**Экономика*

Жобалар неге асығыс дайындалады?

ОБЛЫСТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ, ӨЗГЕ ДЕ САЛАЛАРЫ ТҰРАҚТЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ. ӨНІРДЕ ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУҒА ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖАҢҒЫRTУҒА БАҒЫТТАЛҒАН АУҚЫМДЫ ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСУДА. ОЛАЙ ДЕЙТІНІМІЗ, ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ОБЛЫСТЫҢ ЖАЛПЫ ӨНІРЛІК ӨНІМ КӨЛЕМІ 15 ТРЛН. ТЕҢГЕНІ ҚҰРАП, РЕСПУБЛИКАДАҒЫ ҮЛЕСІ 11 ПАЙЫЗҒА ЖЕТКЕН. – ЖАН БАСЫНА ШАҚҚАНДАҒЫ ӨНІРЛІК ӨНІМ – 21,2 МЛН. ТЕҢГЕ. ӨНЕРКӘСІП САЛАСЫ АЙМАҚ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ БАСТЫ ТІРЕГІ БОЛЫП ҚАЛЫП ОТЫР, –ДЕП АТАП ӨТТІ ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ЖАСҰЛАН БИСЕМБИЕВ.

(Толығырақ 7-бетте)



Қала және аудандарда жүргізіліп жатқан ауқымды жобалар

**Су ресурстары*

СУДЫ ұрлайтындар бар

ҚАЛА МЕН АУДАНДАРДА ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТҚАН АУҚЫМДЫ ЖОБАЛАР ТҰРғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуді, желілерді толық жаңарту және су шығынын азайтуды мақсат етеді. Соңғы жылдары өңірде инфрақұрылымдық өзгерістер қарқынды жүріп, жүйелі жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Бұл – халық саны өсіп, өнеркәсіп өркендеген аймақта су жүйесінің өміршеңдігін сақтау үшін дер кезінде қолға алынған шаралар.

(Толығырақ 4-бетте)

**Білім*

БІЛІМ САПАСЫН көтерудің жолы

БИЫЛ «КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ» ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ ЖОБА АЯСЫНДА ЕЛІМІЗДЕГІ ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ 140-ҚА ЖУЫҚ МЕКТЕПТІҢ 7 МЫҢНАН АСТАМ ПЕДАГОГІ БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСЫНАН ӨТТІ. ҚАЗІРГІ ТАҢДА ОҚЫТУ НӘТИЖЕСІН БАҒАЛАУ МАҚСАТЫНДА ҚОРЫТЫНДЫ ТЕСТІЛЕУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ. БҰЛ ТЕКсеріс формальды сынақ емес – ӘР ҰСТАЗДЫҢ ӨЗ САЛАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУЕТІН АЙҚЫНДАП, ӘРІ ҚАРАЙ КӘСІБИ ДАМУЫНА БАҒЫТ СІЛЕТІТІН МАҢЫЗДЫ КЕЗЕҢ.

(Толығырақ 6-бетте)

**Өмір жолы – өнеге*



Ешқашан ескерту алмаған адам

ОБЛЫСТЫҚ «АТЫРАУ» ГАЗЕТІНДЕ КОРРЕКТОР БОЛЫП ҰЗАҚ ЖЫЛДАР БОЙЫ АБЫРОЙЛЫ ҚЫЗМЕТ АТҚАРҒАН БАҒЗАЙ СУПЬЯНОВА БҮГІНДЕ 80 ЖАСҚА ТОЛЫП ОТЫР. ОСЫҒАН ОРАЙ ӘРІПТЕСТЕРІ АРДАҒЕР ҚЫЗМЕТКЕРДІ МЕРЕЙЛІ МЕРЕЙТОЙЫМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ.

– Облыстың бас басылымы – «Атырау» газетінің сапалық деңгейін арттыруға қосқан үлесіңіз зор. Ұжымдағы әріптестеріңіз сіздің еңбекқорлығыңызды, ұқыптылығыңызды, газет мәтінінің әр әрпіне деген жауапкершілігіңізді үнемі үлгі тұтады, – деді ардагердің жарты ғасырға жуық еңбек жолында көрсеткен табандылығы мен кәсіби жауапкершілігін ерекше атап өткен «Атырау-Ақпарат» ЖШС бас директорының орынбасары Серік Қабдолов.

Ол мерейтой иесіне «Атырау-Ақпарат» ұжымы атынан Алғыс хат пен естелік сыйлық табыс етті.

Кездесуде сондай-ақ серіктестіктің ардагерлер кеңесінің төрағасы Нұрлан Қабдолов сөз сөйлеп, мерейтой иесіне жылы лебізін білдірді.

– Баспасөздің қадірі – сөздің қадірі. Сол жауапты міндетті адал атқарып, газет сапасына жарты ғасыр бойы



мінсіз қызмет еткен сіздің еңбегіңіз кейінгі буынға өнеге. Осындай еңбек майталмандарын ұжым ордайым құрмет тұтады. Бағзай қызмет атқарған кезде ондаған бас редактормен жұмыс істеп, елу жылдай жұмыс өтілінде бірде-бір ескерту алмай, жауапкершіліктің керемет үлгісін көрсеткен адам, – деді ол.

Өз ісіне адалдықпен қараған, әр жолды жауапкершілікпен түзетіп, әр әріпке жан берген ардагер корректордың есімі облыстық журналистика тарихында лайықты орын алады.

Мерейлі сәтте әріптестері мен кейінгі буын өкілдері Бағзай Супьяноваға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр және отбасына амандық тіледі.

Мәлике МӘЛІК

**Төтенше жағдай*

ЖАРЫЛМАЙ ҚАЛҒАН ЦИСТЕРНА

ОСЫ АПТАДА ҚҰЛСАРЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ «PROMGAZ» ЖАНАРМАЙ ҚҰЮ БЕКЕТІНДЕ КӨЛЕМІ 32 ТОННАЛЫҚ «FORD» МАРКАЛЫ БЕНЗИН ТАСЫМАЛДАУШЫ КӨЛІКТІҢ ЕКІ ДӨҢГЕЛЕГІ ӨРТЕНІП, БІР СӨТТЕ АЙНАЛАҒА ҮЛКЕН ЖАРЫЛЫСТЫҢ ҚАУПІ ТӨНДІ. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ДАБЫЛ ТҮСКЕН БОЙДА ӨРТ СӨНДІРУШІЛЕР ОҚИҒА ОРНЫНА ДЕРЕУ ЖЕТТІ.

қауіпсіз жерге көшірілді. Нәтижесінде өрт тез арада толық сөндірілді. Одан ешкім зардап шеккен жоқ.

№2 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау капитаны Дастан Садыхов өрт кез-келген



Өртке оранған көлік жанармай құю бекетіне жақын тұрған. Көлік цистернасында жартылай бензин, жартылай дизель болғаны белгілі болды. Бұл жағдай қауіптің деңгейін одан сайын күшейткені анық.

Жеке құрам жедел түрде өртті сөндіру үшін арнайы көбік қолданды. Көліктің алдыңғы бөлігіне жалын жетпеуі үшін жүргізуші кабинасы ажыратылып, қауіпсіз жерге шығарылды. Жанармай бекетіне келіп тұрған жеңіл көліктер де

сәтте цистернаны шарпып, жарылыс қаупін тудыратын болғандықтан құтқарушылар тәуекелге барғанын айтады.

– Қауіпке қарамастан жақыннан жұмыс істеді. Қауіп толықтай сейілгенше аумақта бір бөлімше кезекшілік етті, – деді Дастан Сапарғалиұлы.

Бұл Жылыой өңірінде биыл тіркелген екінші оқыс жағдай. Бұған дейін мамыр айында осыған ұқсас оқиға кезінде жарылыс болып, адам шығыны тіркелген еді.

– Сол кездегі жағдай біз үшін үлкен сабақ болды. Бұл жолы жарылысқа жол бермеді, – деді Д.Садыхов.

Қазіргі уақытта оқиғаның себеп-салдарын арнайы мамандар мен тергеушілер анықтап жатыр. Өрт сөндіру бөлімшелерінің жедел әрекетінің арқасында ірі төтенше жағдайдың алдын алу мүмкін болды.

Алмас ҚАБДОЛ

